

Рудный ЖЭО-нің мүліктік кешенін жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 19 желтоқсан N 1565

1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншікті жекешелендіру мен қайта құрылымдау бағдарламасына сәйкес, қаржылық сауықтыру, инвестицияларды тарту және кәсіпорындардың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп 1996 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде оны қаржылық-экономикалық сауықтыру үшін қажетті Рудный ЖЭО-нің инвестициялық мұқтаждығын айқындасын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті заңмен белгіленген тәртіпте Рудный ЖЭО-нің мүліктік кешенін, тендер шарттарында ЖЭО-нің жалақы төлеу, бюджет пен әлеуметтік қорларға төлемдер жөніндегі борыштарды өтеуге қатысты міндеттемелері бойынша құқықтық қабылдаушылықты қарастырып тендерде сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ сөздер мен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.04.29.

N 683 қаулысымен. P960683_

3. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті заңмен белгіленген тәртіпте, Қостанай облысының әкімі мен жекешелендіру жөніндегі аумақтық комитеттің қатысуымен Рудный ЖЭО-нің мүліктік кешенін сату жөнінде тендер ұйымдастырсын және өткізсін.

4. Қостанай облысының әкімі Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігімен, Қаржы министрлігімен бірлесе отырып, екі апта мерзім ішінде заңдарда белгіленген тәртіппен Рудный жылу электр орталығының басқа міндеттемелері бойынша құқықтық

мұрагерін белгілесін.

<*>

ЕСКЕРТУ. Қаулы 4-тармақпен толықтырылды, 4-тармақ 5-тармақ болып саналды - ҚРҰ-нің 1997.04.29. N 683 қаулысымен.

P970683_

5. Осы қаулының атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т. Дүйсеновке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК